



ҚАРҚАРА

Газет 1931 жылдан
шығады

Кеген аудандық қоғамдық - саяси,
әлеуметтік - экономикалық газет

№ 7-8 (368-369) 21 ақпан,
Сенбі 2026 жыл



Qarqara.gazeti2018@mail.ru



Qarqara.gazeti.kz



Qarqara.gazeti2018



QARQARA gazeti

Әрқайсымыздың дауысымыз маңызды!

15 НАУРЫЗ
МАРТА

РЕФЕРЕНДУМ

ELECTION.
GOV.KZ

Важно голос каждого из нас!

Ауданаралық семинар

Мектепшілік бақылау – сапалы білім кепілі



Лаура МҰХАМЕТҚАЛИ, Суреттерді түсірген: Мира МУРАТАЛИЕВА, «Қарқара» газеті.



Қазіргі жаһандану дәуірінде білім беру жүйесіне қойылатын талап күн санап артып келеді. Мектептің даму бағыты, ұстаз еңбегінің нәтижелілігі, оқушы жетістігінің сапасы – барлығы да жүйелі басқару мен тиімді ұйымдастырылған ішкі бақылауға тікелей байланысты. Осы мақсатта жуырда «С.Серкебаев атындағы мектеп-гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде «Орта білім беру ұйымдарында мектепшілік бақылауды жоспарлау, ұйымдастыру және жүзеге асыру жолдары» тақырыбында тәжірибелік семинар жоғары деңгейде ұйымдастырылды.

Мазмұнды іс-шара білім беру ұйымдарының басшыларын ортақ алаңға жинап, мектепшілік бақылаудың маңызы мен мәнін жаңаша қырынан зерделеуге мүмкіндік берді. Семинар жұмысын мектеп-гимназия директоры Үмбетжанова Жазира Дүйсенбайқызы ашып, бүгінгі білім кеңістігіндегі басқару жүйесінің рөліне тоқталды. Сонымен қатар тәрбие ісі жөніндегі орынбасар Молдахынов Дулат Тұрсынқожаұлы, Әбжанбаев Қызыр Байбалаұлы, оқу ісі жөніндегі орынбасарлар Мұқаева Жадыра Мышанқызы мен Құрақбаева Асем Рахымқызы сондай-ақ, мектеп ұстаздары өз бағыттары бойынша тәжірибелік ақпаратпен бөлісіп, мектепшілік бақылауды тиімді ұйымдастыру жолдарын ортаға салды.

Семинар барысында мектепшілік бақылауды жүйелі жоспарлау, нақты мақсат қою, бақылау

нәтижелерін талдау және басқарушылық шешімдер қабылдау мәселелері кеңінен талқыланды. Қатысушылар бақылауды тексеру немесе кемшілік іздеу құралы ретінде емес, педагогикалық үдерісті жетілдіруге бағытталған дамытушы механизм ретінде қарастыру қажеттігін атап өтті. Бақылау нәтижесін дер кезінде саралап, кері байланысты тиімді ұйымдастыру арқылы ғана білім сапасын арттыруға болатыны нақты мысалдар арқылы дәлелденді.

Іс-шараның басты мақсаты – мектепшілік бақылаудың сапасын арттыру, анықталған олқылықтарды уақытылы жою, басқару тиімділігін күшейту және соның негізінде білім сапасын көтеру. Бүгінгі таңда мектепшілік бақылау – стратегиялық мәнге ие басқару құралы. Ол білім беру процесінің барлық кезеңін қамтып, мұғалімнің кәсіби өсуіне, оқушының білім деңгейінің артуына оң ықпал етеді.

Семинар аясында мониторинг жүргізу тетіктері, жылдық жоспарлау үлгілері, бақылау кезеңдерінің жүйелілігі, аналитикалық есеп жүргізу тәсілдері қарастырылды. Әсіресе нақты деректерге сүйене отырып шешім қабылдау, ұжыммен бірлескен жұмыс жүргізу, педагогтердің кәсіби дамуын қолдау бағыттары ерекше назарға алынды. Қатысушылар өз тәжірибелерімен бөлісіп, тиімді әдіс-тәсілдерді ортаға салды. Мұндай тәжірибе алмасу басқарушылық мәдениетті қалыптастырып, кәсіби ынтымақтастықты нығайта түсетіні сөзсіз.

Сонымен қатар ауыл мектебінің әлеуетін арттыру бағытындағы игі бастамалар да сөз болды. «Қазақстан халқы» қорының қолдауымен жоғарыда аталған С.Серкебаев атындағы мектеп-гимназиясының барлық кабинеттері заманауи құрал-жабдықтармен толық қамтамасыз етілуі – білім сапасын көтеруге бағытталған нақты қадам. Әр пәндік кабинет қажетті техникалық және дидактикалық базамен жабдықталып, оқушылардың тек теориялық білім алып



15 НАУРЫЗ
МАРТА
РЕФЕРЕНДУМ

Әрқайсымыздың дауысымыз маңызды!
Важно голос каждого из нас!

ELECTION.GOV.KZ

2026 ЖЫПҚЫҢ 15 наурызында Республикалық референдум өтеді

Референдумға қатысу құқығына 18 жасқа толған Республика азаматтары ие болады. Референдум ерікті қатысу, еркін ерік білдіру, сондай-ақ азаматтардың жалпыға бірдей, тең, тікелей және жасырын дауыс беру қағидаттарына сай өтеді. Референдумда «Жобасы бұқаралық ақпарат құралдарында 2026 жылғы 12 ақпанда жарияланған Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясын қабылдайсыз ба?» деген сауал қойылды. Әрқайсымыздың дауысымыз маңызды!

Қазақстан Республикасының
Орталық референдум комиссиясы.

қана қоймай, тәжірибелік дағдыларын дамытуына жағдай жасалды. Бұл – ауыл мектебінің мүмкіндігін кеңейтіп, білім алушылардың бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағытталған маңызды жетістік.

Білім беру сапасы – ел ертеңінің кепілі. Ал сапалы білім жүйелі бақылау мен сауатты басқарудан бастау алады. «С.Серкебаев атындағы мектеп-гимназиясында» өткен тәжірибелік семинар осы бағыттағы нәтижелі жұмыстардың айқын көрінісі болды. Мұндай мазмұнды кездесулер педагогикалық тәжірибені байытып қана қоймай, мектеп басшыларының кәсіби құзыреттілігін арттырып, басқару ісіне жаңа серпін береді. Ең бастысы – бұл бастамалар білім сапасын арттыруға, жас ұрпақтың жан-жақты дамуына және ел болашағын кемел етуге қызмет етеді деп сенеміз.